

Алдын ала төлемді қайтару кепілдігі қазақ тілінде

КЕПІЛГЕР: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Мекен-жайы: (кепілдікті шығаратын ББ/ филиалдың мекен-жайын көрсету) _____

КІМГЕ: _____ (Бенефициар)

Мекен-жайы: _____

№ _____ АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМДІ ҚАЙТАРУ КЕПІЛДІГІ

Алматы қ.

20__ жылғы «__» _____

Біз «_____» ЖШС (заңды мекен-жайы) (бұдан әрі - Аппликant) және Сіздің араңызда жалпы сомасы _____ (жазбаша: _____) теңгені құрайтын _____ жеткізу/қызмет көрсету/жұмыстарды орындау туралы _____ жылғы «__» _____ №__ шарт (бұдан әрі – Шарт) бекітілгендігі туралы хабардар болғанбыз. Шарттың талаптарымен Аппликant пайдасына аванстық төлемді қайтару банктік кепілдік беруге қарсы Шарттың жалпы сомасынан __ % мөлшерінде аванстық төлем жүргізу қарастырылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, (бұдан әрі – Кепілгер), Сіздің

[Аппликantтың Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағандығы немесе тиісті түрде орындамағандығын;

Сіздің аванстық төлем қайтарылмағандығын]¹

[Контркепілдік бойынша негіздемелейтін өтініш URDG 15 а) тармағына сәйкес алынып тасталғандығын]²

[а) Аппликantтың Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағандығы немесе тиісті түрде орындамағандығын;

б) Аппликantтың шарт бойынша міндеттемелерін бұзуы неден тұратындығын;

в) сондай-ақ аванстық төлемнің Сізге қайтарылмағандығын.

Сіздің жазбаша өтінішіңіз талаптың ішінде болуы немесе Талапқа сілтеме жасалған қол қойылған бөлек құжат түрінде ресімделуі мүмкін]³

растайтын ақы төлеу туралы бірінші жазбаша талабыңызды (бұдан әрі – Талап) [Сіздің жазбаша өтінішіңізбен бірге] алғаннан кейін Сізге _____ (жазбаша: _____) валютаның атауы, аспайтын кез келген соманы кешіктірмей сөзсіз төлеу міндеттемесін қабылдаймыз.

1. Осы кепілдік бойынша біздің міндеттеміз Аппликant шот-фактура түпнұсқаларын/көшірмелерін және көлік құжаттарының көшірмелерін бергеннен кейін Шарт бойынша жүргізілетін әрбір жеткізу сомасынан __ % -ға кемиді.

2. Осы кепілдік бойынша біздің міндеттеміз Аппликant шот-фактура түпнұсқаларын/көшірмелерін, сондай-ақ уәкілетті тұлғалар қол қойған және Шарт бойынша екі тараптың мөрлерімен бекітілген көрсетілген қызмет/орындалған жұмыс құны туралы

¹ Жеке абзацпен көрсетіледі (ҚР заңнамасына бағынатын кепілдіктер үшін). Сондай-ақ келесі абзацпен бірге көрсетілуі мүмкін (2-ескертуді қараңыз).

² Тек алдыңғы абзацпен бірге көрсетіледі (1-ескертуді қараңыз). Негізделенетін өтініш талап етілмейтін, URDG бағынатын кепілдіктер үшін пайдаланылады

³ Жеке абзацпен көрсетіледі. Негізделенетін өтініш талап етілетін, URDG бағынатын кепілдіктер үшін пайдаланылады

актінің/анықтаманың түпнұсқаларын/көшірмелерін бергеннен кейін Шарт бойынша көрсетілген қызмет/орындалған жұмыс сомасынан __ % -ға кемиді.

[Аппликант немесе Бенефициардан басқа тарап шығарған кез келген құжаттар _____ тілінде [құжаттардың тілі көрсетілсін] болуы тиіс.]

* Сәйкестендіру мақсатында Сіздің Талабыңызға [және жазбаша өтінішіңізге]⁴ Сіздің компанияның уәкілетті тұлғасы қол қоюға және мөрмен куәландыруға тиіс, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті тұлғаның Қол қою үлгісі бар құжаттың нотариалды куәландырылған түпнұсқасы және Сіздің Талабыңызға қол қойған тұлғалардың уәкілеттілігін дәлелдейтін құжаттардың көшірмесі бірге берілуі керек.

* Сәйкестендіру мақсатында Сіздің Талабыңызға [және жазбаша өтінішіңізге]⁴ компанияңыздың уәкілетті тұлғасы қол қоюға және мөрмен куәландыруға тиіс және қолдардың Сіздің компанияңыз үшін заңды түрде жарамды екендігі хабар тестіленген телектік немесе SWIFT хабарламасымен (251531 HSBK KZ/ HSBK KZKX) расталатын авизолаушы банк/Сізге қызмет көрсететін банкіңіз арқылы берілуі тиіс.

Сіздің Талабыңыз осы кепілдіктің талаптарына сәйкес берілмейтін болса, Кепілгер мұндай Талапты орындаудан бас тартуға құқылы.

Бұл Кепілдік сомасы _____ (сома, валютаның атауы) мөлшеріндегі аванстық төлем Аппликанттың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы № _____ банктік шотының есебіне алынған сәттен бастап күшіне енеді және бұл Кепілдік хаттың түпнұсқасы осы күннен бұрын бізге қайтарылмаса, 200__ жылғы «__» _____ бойынша қоса алғандағы мерзімге дейін әрекет етеді. Бұл Кепілдік бойынша кез келген Талапты біз бұл Кепілдіктің әрекет ету мезімі аяқталған күннен кешіктірмей жоғарда көрсетілген мекенжай бойынша алуға тиіспіз.

Бұл Кепілдік Сіздің пайдаңызға шығарылған және аударылмайтын болып табылады.

Аппликанттың Кепілгер алдындағы міндеттемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәсілдермен қамтамасыз етілген.

** Осы Кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

*** Осы Кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер бірінші талап қою бойынша кепілдікке арналған Бірегейлендірілген ережелермен (редакция - 2010 ж., жарияланым - МТП № 758) реттеледі.

Уәкілетті тұлғалардың қолдары

1) және 2) тармақшалар. Шарттың талаптарына (тауарды жеткізу, қызмет көрсету, жұмысты орындау) байланысты екі абзацтың бірі пайдаланылады.

* Кепілдік шығару талаптарына байланысты екі абзацтың бірі пайдаланылады.

** Тараптары (Аппликант/Бенефициар) Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын кепілдік шығарылғанда пайдаланылады.

*** Тараптары/тараптарының біреуі (Аппликант/Бенефициар) Қазақстан Республикасының бейрезиденті (-тері) болып табылатын кепілдік шығарылғанда пайдаланылады.

⁴ Осы жерде және мәтін бойынша барлық жерде 3-ескертуге сәйкес абзац қолданылғанда көрсетіледі.